

Д.Қ. Қайыржанова

Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау
органдары академиясы Ведомствоаралық
ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми
қызметкері, заң ғылымдарының магистрі,
1-ші сыныпты заңгер

АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕГІ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Еліміздегі жалғасып жатқан экономикалық кризисте, ішкі бақылусыз миграцияның өсуі, Қазақстан Республикасының түрлі ірі қалаларында қаржылардың шоғырлану жағдайында тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің әл-ауқатының негізі ретінде жеке меншікті қылмыстық қолсұғушылықтан қорғау мәселесі өте маңызды болып табылады.

Негізінде пайдакүнемдікті көздейтін алаяқтық әрекеттері бар соттардағы мүліктік даулар санының өсуі, зерттеліп отырған сұрақтың өзектілігін растайды.

Еліміздің криминогендік жағдайына анализ жасай отырып тіркелген бөтен мүлікті жымқырудың біршама көлемінің ұлғаюын көресетті, оның көп бөлігі – ұрлық болып табылады. Соңғы 5 жылда ұрлық көлемі 100 мың тұрғынға шаққанда 740-тан 1200-ге дейін өсті.

Алаяқтық өзге жымқыру түрлерімен салыстырғанда, кең таралмаған, бірақ еліміздің әлеуметтік осал тұрғындар қабатын қамтиды және келтірген зиянының өлшемімен ерекшеленеді. Мысалға, аяқталған қылмыстық істер бойынша келтірілген зиянның жалпы 2010 ж. – 17 млрд. 203 млн. 268 мың., 2011 ж. – 11 млрд. 428 млн. 536 мың., 2012 ж. – 184 млрд. 004 млн. 731 мың., 2013 ж. – 23 млрд. 567 млн. 855 мың., 2014 ж. – 79 млрд. 176 млн. 507 мың., 2015 ж. - 27 млрд. 710 млн. 291 мың., 2016 ж. – 43 млрд. 614 млн. 640 мың. теңге көлемдегі шығынды құрады (Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің мәліметтері бойынша, бұдан әрі - ҚСЖАЕК), бұл жағдай азаматтардың мемлекеттік органдарының жұмысымен қанағатанбаушылықты туғызады.

Ресми мәліметтер бойынша Қазақстанның 2012 жылдан бері ТМД елдері арасында 100 мың адамға шаққанда криминалдық белсенділік коэффициенті бойынша 1 орында тұр.

Алаяқтықтың өсуінің негізгі көрсеткіші бар тұрғындардың ортажылдық саны 100 мың (10 мың) адамға шаққанда қылмыстардың саны (қылмыс жасаған тұлғалар) – қылмыстылықтың коэффициенті (индексі) болып табылады.

1998 жылдан 2016 жылға дейінгі аралықта тіркелген алаяқтықтар 10 есе артық ұлғайғаны анықталды. Мысалы: 1998 жылы 3 047 қылмыс тіркелді, 2015 жылы 37 729, ал 2016 жылы – 30 358 (БП ҚСЖАЕК мәліметтері) [1].

Алаяқтық әрекеттер негізінде әртүрлі сылтаумен зәбір көрушілердің мүлкін толық немесе жартылай алып қою. Алдау-арбау, сенімге кіру арқылы қылмыскерлер бөтен адамның мүлкін, ақшасын алып пайдаланып кетеді.

Алаяқтықтың негізгі принципі — өзі құрбан етіп отырған адамды алдау, сол арқылы өзіне ақша, мүлік, басқадай нәрселердің құқын ерікті түрде бергізу болып табылады. Бұл “еріктілік” алаяқтықты басқадай ашкөздік қылмыстардың ішінде ерекше етеді. Біріншіден, алданған адамдар өзінің алданғанын білсе де құқық қорғау органдарына өтініш бермейді. Екіншіден, оңай алданып қалғанына арланады, арыз түсіргеніммен ештеңе өнбейді деп есептейді. Үшіншіден, мұндай қылмысты дәлелдеу өте қиын, себебі алдау фактілерін объективті түрде дәлелдеуді қажет етеді. Алаяқтық адам психологиясын және оның әдеттегі әрекетін жақсы білуге негізделген.

Алаяқтық істер бойынша сотқа дейінгі және сот тәжірибесінің негізгі мәселелі жағдайлары.

1. ҚР ҚК «Алдау» сөзінің түсініктемесі жоқ, бұл алдау әрекеттерінің түрлі түсіндірілуіне алып келеді.

2. Ақпараттық технологияларды қолданумен қоса алғанда алаяқтық түрлерінің, әдістерінің ұлғаю себептерінен ҚР-ның шет ел тәжірибесіне сүйенуге объективті түрде



негіздер туындайды, мысалға Ресей, Германия елдерінің заңнамасында алаяқтық әрекеттердің анықталған жеке түрлеріне жауапкершілік еңгізілген (мысалы сақтандыру, капитал салымдары т.б. салаларда). Өзекті мәселелер қатарында серверлер мен жүйелік администраторлар, немесе шоттар мысалы «QIWI-кошелек», әдетте елден тысқары орналасу себептерінен интернет-алаяқтықтың өсуі және төмен тергеліп ашылуы (2-деп. Аналитикалық материалдары) [2].

Қосымша: Ресей Федерациясының қылмыстық заңнамасында алаяқтық үшін жауапкершілік (7-бапта көзделген) қол сұғушылықтың объект түріне тәуелді (159 б. – алаяқтық, 159.1.б. несие саласындағы алаяқтық, 159.2.б. төлемдер алу кезіндегі алаяқтық, 159.3.б. төлем карталарын қолданумен алаяқтық, 159.4. б. кәсіпкерлік саласындағы алаяқтық, 159.5.б. сақтандыру саласындағы алаяқтық, 159.6.б. Компьютерлік ақпарат саласындағы алаяқтық). Бұл баптың қалған бөлігінде ҚР ҚК және РФ ҚК мазмұны бойынша маңызды айырмашылықтары жоқ [3].

Бас прокуратураның 2-департаментінің өткізген анализінің нәтижесі көрсеткендей негізгі маңызды сұрақтардың бірі болып алаяқтықтың квалификациясын анықтау болып табылады.

3. ҚК 190 баптың 2 бөлімінің 2 пунктінде бірнеше мәрте жасалған алаяқтық үшін жауапкершілік көзделген, ауырлығы орташа қылмыс, санатына жататын. Сонымен қатар осы баптың 3 бөлімінің 3 пунктінде екі және одан да көп тұлғалармен жасалған алаяқтық үшін жауапкершілік көзделген, олар ауыр қылмыс санатына жатады. Яғни бірінші жағдайда «бірнеше рет жасалу» белгісі бар, эпизодтар өзара байланбаған (*уақытымен, орнымен, әрекетімен т.с.с.*). Екінші жағдайда – бұл жалғастырмалы қылмыс.

«Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N11 Нормативтік қаулысының ережелеріне сәйкес белгілі бір адамның бірыңғай пиғылмен және біріктірілген ортақ мақсатпен, материалдық құрамымен және келтірілген зардаптарының біркелкілігімен сипатталатын, қылмыстық құқық бұзушылық жасау тәсілі мен объектісі бойынша өзара ұқсас екі және одан да көп қылмыстық әрекеттерді жасауы қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуын құрамайды. Мұндай жағдайларда барлық жасалған әрекеттерді тұтастай жалғаспалы қылмыстық құқық бұзушылық ретінде танып, осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауаптылық көздейтін ҚК бір бабы немесе бабының бөлігі бойынша саралаған жөн.

Осы себептен ауыр санат бойынша (ҚК 190 бабының 3-ші және 4-ші бөлімдері бойынша алаяқтықты тергеу және дұрыс квалификациялауға (қылмыстық қудалау органдарын бағыттау қажет) қадағалау нормаларымен прокурорларға яғни «бір неше рет жасалған» белгі бойынша негізсіз квалификациялауды жоққа шығара отырып).

4. Алаяқтар мәміленің қарапайым жазба түрі, жасанды жеке куәлік, жалған құқық орнатушы құжаттар қолданады. Қосымша алдын-алу шаралары ретінде нотариалды рәсімделетін мәмілелердің тізімін заңды түрде кеңейту мақсатқа сәйкес болатын еді.

Келтірілген мәселелер бойынша ұсыныстар:

1. ҚР ҚК 190 баптың диспозициясын «Алдау» ұғымымен толықтыру Францияның ҚК-нің мысалымен 190 баптың 1 бөлімін (алаяқтық) ҚР ҚК келесі түрде көрсету ұсынылады:

- алаяқтық, бөтен мүлікті жымқыру немесе алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен, осы жерде (адастыру, сенімді теріс пайдалану, өзге құқыққа қарсы әрекет) заңды және жеке тұлғаны алдау, жалған есім пайдалану жолымен жасалған, лауазымын және жағдайын, сонымен қатар қызмет бабын теріс пайдалану, не болмаса тұлғаны ақша құралдарын, құнды заттар және өзге мүліктер, қызмет көрсету және үшінші тұлғаға немесе өзіне міндеттемесі бар немесе міндеттемеден босатып беруге түрткі болу мақсатындағы алдау әрекеттерін пайдалану.

2. ҚР ҚК 190 бабының 2 бөлімін келесі квалификациялық белгілерімен толықтырып (РФ ҚК мысалға ала отырып) келесі пункттерді еңгізу қажет 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12;

п.6) дистанциондық (қашықтық) банктік қызмет көрсету бойынша; п.7) сақтандыру қызметі саласында; п. 8) несие саласында; п. 9) төлемдер алу саласында; п. 10) кәсіпкерлік қызмет саласында; п.11) компьютерлік ақпарат саласында; п.12) капитал салымы саласында.



3. ҚР ҚК 190 бабының 2 бөлімінде санкцияның мөлшерін – 6000 АЕК –дейін ұлғайту, 7 жылға дейін бостандықты шектеу, сол сияқты 7 жылға дейін бостандықтан айыру деп көрсеткен дұрыс.

4. Нотариат саласындағы ұсыныстар:

- нотариусқа жүгінген тұлғаның жеке басын куәландыратын кезде, ИМ-нің жеке тұлғалар базасында сақталған суреттерге қол жеткізу;

- іздеуде жүрген тұлғалар туралы мәліметті алуға мүмкіндік жасау;

- психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлердің есебінде тұрған, мүмкіндігі шектеулі, құқық қабілеттілігі жоқ тұлғалар жайындағы мәліметтерді алуға мүмкіндік беру;

- жылжымайтын мүлік туралы тіркеу істерін алуға;

- иеліктен шығарылатын жылжымайтын мүлік тарихы жайында барлық ақпаратқа сонын ішінде мәміле жасау жоспарланған мүлікке қатысты қозғалған қылмыстық істер жайында, мәмілеге қатысатын мүлікке байланысты бар азаматтық істер жайында мәліметтер алуға. Мысалы: бұл ақпаратты жылжымайтын мүлікке қатысты тіркелген құқықтар туралы (міндеттемелер) және оның техникалық мінездемесі туралы анықтамаға тіркеу арқылы;

- БНАЖ базасына соттық-мүліктік даулар және бірнеше рет заң бұзған тұлғалар туралы, алаяқтықпен байланысты қылмыс үшін өтелмеген соттылығы жайында мәліметтер еңгізу;

- тұлғалардың некелік жайғдайы туралы мәліметті БНАЖ базасына еңгізу үрдісін үдету;

- алаяқтық әрекеттерінен құтылу үшін жылжымайтын мүлікке қатысты кепілдеме келісім-шартының тіркелуі бірден жылжымайтын мүлікке қатысты тіркелген құқықтар туралы (міндеттемелер) және оның техникалық мінездемесінің анықтамасында көрсетуін мүмкін ету. Жауапсыз сатушы кепілдеме туралы әр түрлі нотариустарда келісім шартты құруы мүмкін бір мүлікке қатысты, бұдан нотариус пен кепіл берген адал сатып алушы зардап шегеді.

- нотариалдық әрекеттердің алгоритмін, регламентін әзірлеу, мәмілені дайындап тексеру бекітілген уақыттан аз болмауы тиіс. Бұл жағдай клиент мүлікті иемденуден шығару кезінде мәмілесіне не бары 20-30 минут жұмсағысы келеді, ал жылжымайтын мүлікті міндеттемелерге тексеру үшін бір шама уақытты талап етеді.

- ҚР Азаматтық кодексін, ҚР «Банктер мен банктік қызмет туралы», «Жылжымайтын мүлікке мемлекеттік тіркеу туралы» заңдарын, шартты депонирование (эскроу) жаңа келісім шартымен, банктік шотының түрі –эскроу-шотын еңгізу туралы нормаларымен толықтыру. Мысалы: РФ-да ипотекамен тіркеу әрекеттерінің ерекшелігі, меншік құқығының ауысу мезетінен 10-күннің ішінде сатушының шотына ақша қаражаттары түспеген жағдайда, мәміле заңсыз деп танылады да мүліктік құқықтар бастапқы қалыпқа оралады.

Ұсынылған нормалар бойынша күтілетін нәтижелер.

1. Қалыптасқан көлемді әрі мазмұнды «алдау» дефенициясы, 190 бапта заңды түрде бекітілген жағдайда баптың өзін анықтап түсіндіреді, құқық қолдану тәжірибесінің мәселелерін шешеді, заңдық коллизияларды жоққа шығарады.

2. Квалификациялық белгілердің және ҚР ҚК 190 бабының 2-ші бөлімінің санкциясының жоғарғы шегінің ұлғаюы жаңа алаяқтық әрекеттер ойлап табатын тұлғаларға жазалаушылық әсер ету спектрін молайтады. Әр түрлі құқықтық қатынастар салаларындағы алаяқтық әрекеттерінің алдын алады (сақтандыру саласында, қаржы-кредиттік қатынастарда т.б.).

3. Шартты депонирование келісім-шартын заңды түрде реттеу және банк шотының жаңа түрі – эскроу шоты міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді және мүмкін болатын тәуекел алдау мен алаяқтықтың максималды төмендеуін қамтамасыз етеді.

4. Қаржылай ұйым және қаржы институты болып екінші деңгейлі банк мәртебесін мемлекеттің экономикалық жүйесінің негізгі секторы ретінде қарастыру. Бұл қаржы-несиелік жүйе әрекетінің барлық жақтарын көрсете отырып халық пен кәсіпорындардың ақылға қонымды сенім атмосферасын бекітеді. Тергеушілерге банктік операциялардың жүзеге асырылуының, банктік қызметінің заңнама базасының ерекшелігін білуге мүмкіндік береді.

5. Нотариуспен қолданатын жеке инструменттерді жетілдіру техникалық мүмкіндіктерді кеңейту және олардың заңдық өкілеттіктерінің ұлғаюы, өзгерген жағдайға байланысты жедел түрде әрекет етуге, мәміле жасағанда қандай да бір тәуекелдерді төмендетеді.



Қылмыстың құрамында барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың үштен екі бөлігін – ұрлық пен алаяқтық құрайтының ескерген жөн. Объективті және субъективті себептер бойынша олардың үлкен бөлігі ашылусыз қалады.

Сонымен, алаяқтық қылмыстар меншік құқығына нұқсан келтіреді. Оларқылы мемлекеттің экономикасының негізіне және қоғамның қалыптылығына нұқсан келтіріледі. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша алаяқтыққа қарсы күрестегі мәселелерін зерттеу алаяқтық туралы қылмыстық-құқықтық нормалар жетілдіруді қажет ететінін көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚСЖАЕК-нің 1998-2016 ж.ж. аралығындағы статистикалық мәліметтер.
2. «Қазақстан Республикасындағы криминогендік ахуалдың дамуының болжамы» 2016 жылғы БП жанындағы Академияның ВФЗИ зерттеу материалдары.
3. БП-ның 2,10,4 – Департаменттерінің, Республикалық нотариустар палатасы, Астана қаласын нотариустарының аналитикалық материалдары.
4. Клепицкий И. Мошенничество и нарушение гражданско-правового характера //Законность. 1995. № 7. С.50-52.
5. Якищенко С.А. О способах совершения мошенничества //Актуальные проблемы правоведения. 1995. № 5. С.11-14.

